

К 70-летию целины Героический и трудовой подвиг



*Пусть несется весть,
Будут степи цвететь!
Партия велела -
Комсомол ответил:
«Есть!»*

Благодаря патриотизму и энтузиазму людей строились города, свершались великие

события.

Для освоения целинных и залежных земель требовались большие людские ресурсы. Так по всей стране прогремел призыв к ее гражданам помочь в освоении целины.

Круглые сутки мчались в Казахстан эшелоны, груженые продовольствием, техникой, строительными материалами. Целину осваивали люди разных профессий и национальностей.

Испытания смогли выдержать немногие. Остались только самые стойкие и преданные своим идеалам. Среди них был Симаков М. Н.

Михаил Николаевич Симаков родился в Алтайском крае. В восемь лет оставшись сиротой, жил в детском доме. Казахстан стал его второй родиной, когда мальчика из детского дома забрала семья из Алма-Аты.

Там юноша окончил школу, отслужил армию и приехал на целину в наш район.

Вся трудовая жизнь Михаила Николаевича связана с совхозом «Шевченковский». Здесь он начал свою трудовую биографию. Работал механизатором во второй бригаде под руководством Кужима В. С.

Здесь он встретил свою судьбу. С Гильдой Давыдовной Гельдт, которая работала трактористкой в этой же бригаде, создали семью. Стали родителями троих детей.

За трудовой вклад в развитие и укрепление совхозного хозяйства Симаков М. Н. был награжден несколькими государственными наградами.

Михаил Николаевич продолжительное время возглавлял молодежное звено, неоднократно избирался депутатом сельского и районного советов, был наставником молодежи.

За добросовестный труд передовику производства была вручена туристическая путевка в Индию. Он был участником ВДНХ в Москве.

Благодаря созидательному труду первоцелинников в стране был создан огромный экономический и духовный потенциал, прочный фундамент, на котором наше государство получило возможность уверенно идти по пути процветания.

По воспоминаниям первоцелинницы Калининой М. И. публикацию подготовила Тогжан ЖАМАНКУЛОВА.

Қолбірде, аеыл домбыра!



*«Екі ішектің бірін қаты,
Бірін сәл-сәл кем бұра.
Нағыз қазақ, қазақ емес
Нағыз қазақ - домбыра».
Қадыр Мырза Әлі*

Домбыра — казак халқының өте ерте және кең тараған, нағыз табиғи ұлттық музыкалық аспабы. Көне Шумер тілінен аударғанда «кішкене садақ» деген мағына береді. Қос ішекті шертіп ойнайтын музыкалық аспап ішекті, шертпелі аспаптар тобына жатады. Әр түрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып жасалатын домбыра тоғыз, он бір, он төрт, жиырма төрт пернесі болып бөлінеді. Аспаптың үні қоңыр, құлаққа жағымды әрі жұмсақ. Домбыра — сан ғасырлардан бері сырын сақтаған, казак даласында кеңінен танымал аспап.

Домбыра тек көңіл-күйді көтерер, тек музыкалық аспап ғана емес, ол халықтың жады, өшпес мұрасы, ар-ожданы, иманы, халықтың өткен тарихын еске түсіруші абыз-ақсақалы, тарихымызда ел қорғаған баһадүрлердің тарихын таңнан-таңға жеткізген жыршының айнымас жолдасы, атадан балаға қалған мұра. Демек казак халқының мыңдаған жылдық тарихын көзбен көріп келген бұл қара ағаш жай ғана музыкалық аспап болмаған. Жалаң діншілдікке ұрынып өз тарихымызды жоққа шығарып алмайық.

Жыл сайын шілденің бірінші

жексенбісі «Ұлттық домбыра» күні тойланады. Бұл мерекелік күннің ұлттық руханиятымызға қосар үлесі салмақты болмақ. Ендеше бұл күні «Дариға, домбырамды берші маған, жаным келші жарым, келші балам...» деп Мұқағалиша толғағандай, «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ — домбыра!» деп Қадыр атамиз жыр қайырғандай ұлттық мұрамыз домбыраны барынша насихаттау басты міндет. Ағымдағы жылдың 18 маусымында Ұлттық рухты көтеретін өнерімізді асқақтату мақсатында, дәуір үнін ұрпақ санасына сіндіруді мұрат тұтқан жеті мың домбырашының қатысуымен өтетін дүбірлі шеруге Жітіқара тұрғындары да өз үлестерін қосты.

Бұл күні күй тартқысы келген немесе домбырадан хабары бар әр бір жітіқаралық өз өнерін жиналған жұртшылыққа көрсете алды. Сонымен қатар көршілес аудандардан жас өнерпаздар келіп қолдау көрсетті. Көршілерімізгі айтар алғысымыз шексіз. Өнерлеріңіз өрге жүзе берсін! Шарада қала тұрғындары домбырамен ән шырқап, күй тартты. Келген қонақтарымызға Жітіқара ауданының әкімі А.А.Жаныспаевтың атынан алғыс хат және жас өнерпаздарға ауданы әкімінің орынбасары Ф. Г. Балашовтың атынан алғыс хаттар, гүл шоқтары мен тәттілер табысталды. Дүбірлі дода өз жалғасын табуда.

Т. МЕДЕТБАЕВА.

2024 жылдың III тоқсанына арналған «Жітіқара ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» ММ жеке тұлғаларды және занды тұлғалар өкілдерін ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Азаматтарды қабылдауды өткізуші тұлғаның Т.А.Ә.	Азаматтарды қабылдауды өткізуші тұлғаның лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Кужахметов Даурен Кажмухамбетович	Басшы	Дүйсенбі-жұма сағат 9.00-дан 16.00-ға дейін	Жітіқара қ., 6 ш.а., 65-үй № 17 кабинет	Тел. 2-31-58

2-31-58 байланыс телефоны және 2-31-58 сенім телефоны арқылы азаматтарды қабылдау және олардың өтініштерін қарау мәселелері бойынша ақпаратты алу мүмкіндігін ұсынылған.

ГРАФИК ПРИЕМА

физических и представителей юридических лиц ГУ «Отдел внутренней политики акимата Житикаринского района» на III квартал 2024 года

Ф.И.О. лица, проводящего прием граждан	Должность лица, проводящего прием граждан	Дата и время приема	Местонахождение государственного органа	Контактный телефон
Кужахметов Даурен Кажмухамбетович	Руководитель	Понедельник-пятница с 9.00 до 16.00 часов	г.Житикара, 6 мкр. д.65 кабинет № 17	Тел. 2-31-58

Посредством контактного телефона – 2-31-58 и телефона доверия – 2-31-58 гражданам представлена возможность получать информацию по вопросам приема граждан и рассмотрения их обращений.

Мемлекеттік қызметкер – мемлекеттің айнасы

*«Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады»
(Ахмет Байтұрсынұлы)*

Білімі мен біліктілігінің арқасында жан-жақты, жауапкершілігі мол, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетік меңгерген, мемлекеттік қызметтегі іс-әрекетіне жауаптылықпен қарап, жоғары орындаушылық көрсетіп, өзіне талап қоя білетін, тәртіп пен адамгершілікті ту еткен маман иесі ол – мемлекеттік қызметкер. Мемлекеттік қызмет – халықтың сенімін ақтау, ұлтымыздың абыройын асырып, асқақтату. Әрбір өркениеттің өріне қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мемлекеттің саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметкер екені белгілі. Сондықтан да ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – мәртебелі міндет.

Жыл сайын 23 маусымда Қазақстанда Мемлекеттік қызметшілер күні атап өтіледі. Осыған орай, жыл сайынғы мемлекеттік

қызметкерлер арасында тілдерді оқыту орталығы аудандық кітапхана жүйесімен бірлесіп «Мемлекеттік тіл- мемлекеттік қызметте» атты сайыс ұйымдастырды. Сайысқа ауданымыздың мемлекеттік мекемелерінен жан- жақты талантты, білімді мамандар қатысты. Сайысқа Жітіқара қаласы әкімінің аппаратынан, Жітіқара аудандық мәслихатының аппаратынан, Жітіқара ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен, Жітіқара ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінен, Жітіқара ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімдерінен «Алға», «Тәуелсіздік» және «Бірлік» топтары қатысты. Сайыс 3 кезеңнен тұрды: қатысушылар өзін және қызмет етіп отырған мекемелерін, сайысқа қатысуғағы мақсаты мен міндеттерін өлең жолдарымен жеткізді. Екінші кезеңде қатысушылар берілген ұяшықты таңдап, жасырылған сұрақтарға жауап берді. Сонымен қатар үшінші кезең үй тапсырмасы болды. Оған

барлық қатысушылар тыңғылықты дайындалып келген екен. Бірі қазақтың қара домбырасымен ән салса, екіншісі вокалдық қабілеттерін көрсетті. Сайыс өте тартысты өтті. Сайысымыздың әділ өтуіне төрелік қылған әділқазылардың төрағасы Жітіқара ауданы әкімі аппаратының басшысы Бөгетбаев Дархан Нұрлыбекұлы, Жітіқара ауданы әкімінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Әлмұхамедова Жаңылдық Алтайқызы және тілдерді оқыту орталығының директоры Медетбаева Тынышкуль Жубатханқызы. Сайыс соңында әділқазылардың шешімі бойынша Жітіқара ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің мамандарынан құралған «Бірлік» тобы жеңіске жетті.

Қымбат маған ана тілім, бал тілім, Қымбат маған дала тілім, ар тілім.

Ақ сүтімен бірге сіңген бойыма, Ана тілім – ардақ тұтар алтыным – дей келе бүгінгі сайысымыздың



жеңімпаздарын құттықтаймыз. Сонымен қатар барша мемлекеттік қызметкерлерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық,

береке-бірлік, елімізге тыныштық тілейміз! Отанымыз – Қазақстан Республикасының өсіп-өркендеуі жолындағы қызметтеріңіз жемісті болсын!

Т. МЕДЕТБАЕВА.